



Әйелдер бизнесінің әлеуеті зор

Қарағандыда кәсіпкер болу – әйелдерге де қолжетімді. Бүгінде облыста әйелдердің басшылығымен 41,5 мыңнан астам компания жұмыс істейді. Олар бизнеспен айналысатындардың үштен бір бөлігін жұмыспен қамтып отыр. Бұл өңірде әйелдер кәсіпкерлігі белсенді дамып келеді деген сөз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазір Қазақстанда әйелдер түрлі кәсіппен айналысып, бизнес-те және қоғамдық қызметте зор табысқа жетіп жүр. Олар биік белестерді бағындырып қана қоймай, саналы ұрпақ тәрбиелеу жолында аянбай еңбек етіп келеді. Барлық әйелдердің адал еңбегі ең жоғары бағаға лайық» деген болатын. Әрине, бұл тек сауда, қызмет көрсету, жылжымайтын мүлік нарығы, қонақ үй және мейрамхана бизнесіне жасалған қорытынды емес. Бұл пайым ауыл шаруашылығы және өнеркәсіпті дамытқан нәзік жандарда да қатысты.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі уақытта әйелдер бизнесі негізінен әлеуметтік және қызмет көрсету салаларына бағытталған. Олай деуімізге себеп көп жағдайда әйелдер өздері тап болған проблеманың негізінде кәсіп ашқанды құп көреді. Сонымен қатар, әйелдер өздері жүргізген кәсіптен түскен табыстың 90%-нан астамын отбасы мен балаларының біліміне инвестициялағанды жөн санайды. Ұлттық экономика министрлігінің дерегін сараласақ, әйелдер кәсіпкерлігін қаржылық қолдау аясында 2023 жылы сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау арқылы 6 мыңнан астам жоба және несиелік кепілдік беру арқылы 3,5 мыңнан астам жоба



қолдау тапқан. Бұл қолдау көрсетілетін жобалардың жалпы санының шамамен 50%-ын құрайды. Жалпы, облыста әйелдер кәсіпкерлігі бойынша «Бизнестің жол картасы-2025» жобасы аясында әйелдерге 2,2 млрд теңгеге 340 жоба бойынша қолдау көрсетілген. Бұл бағдарлама пайыздық мөлшерлемені субсидиялау, кепілдік беру және инфрақұрылымды дамыту шараларын қамтиды. «Бастау Бизнес» оқыту бағдарла-

масына қатысушылардың 70%-ы әйелдер екенін ескерсек, оларға 500 мыңнан 5 млн теңгеге дейінгі гранттарға өтініш беруге мүмкіндік қарастырылған.

Бүгінде Қарағандыда әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы да бар. Бұл орталық тегін кеңес беру, оқыту, тәлімгерлік және қаржыландыруға қол жеткізу бойынша көмек көрсетеді. Орталықтың қызметінде бизнес жүргізу, мемлекеттік гранттар мен субсидиялар алу,

бизнес-тренингтерге қатысу талабы бар. Ал, «Бірыңғай кешенді бағдарлама» әйелдерге әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне инвестициялар мен айналым қаражатын толықтыру үшін 1,5 млрд теңгеге дейінгі несие ұсынады. Сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігі субсидияланады, ал, субсидиялау мерзімі инвестициялар үшін 5 жылға дейін, айналым қаражатын толықтыру үшін 3 жылға дейін мүмкіндік бар.



Бытырғы деректер елдегі шағын және орта бизнес субъектілерінің тең жартысына жуығын (49%) әйелдер тізгіндеп отырғанын айғақтайды. Ал, жеке кәсіпкерліктегі үлесі айтарлықтай біршама – 59%. Занды тұлғалардағы әйелдердің қатысуы 29%-ды құраса, шаруа қожалықтарындағы үлесі – 27%. Әрине, мұның бәрі кәсіпкерлік саладағы әйелдер ұстанымның нығайып келе жатқанын аңғартады.

Бүгінде Қарағанды қаласында Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы әйелдерге бизнес жүргізу, қаржыландыру, құқықтық мәселелер бойынша кеңес беріп, оқыту курстарын ұйымдастырады. Мысалы, кәсіпкер Арайлым Серікбай осы орталықтың көмегімен бірнеше грант жеңіп алып, экологиялық өнімдер өндірумен айналысатын орталық ашты. Экологиялық таза өнімдер өндірісі мен жастарға экологиялық мәдениетті насихаттауға ерекше көңіл бөлетін ол Қарағанды облысындағы белсенді жас кәсіпкер әрі биология ғылымдарының PhD докторы. Ол – экологиялық таза өнімдер өндірісімен айналысып жүріп әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға үлес қосқан жастың бірі.

Статистика бойынша, елімізде жалпы ішкі өнімдегі шағын және орта бизнес үлесі 33%-дан асып тұр. Жұмыспен қамтылғандар саны 35%-дан асып, 3,5 млн адамға жеткен. Соның 31%-ы немесе 1 миллионы – әйелдер. Жұмыс істеп тұрған шағын орта бизнес субъектілерінің саны 2012 жылдан бері 44%-ға өсіп, 1,4 млн бірлікке жеткен. Әйелдер соның 43,5%-ына басшылық жасап отыр.

Сурет ашық дереккөзден

• БӘРЕКЕЛДІ!

Ер қадірін білген ел

Арқа журналистерінің ардақты ұстазы, ақсакалы, академик Зарқын Тайшыбайға «Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы» атағы берілді. Абыройлы атақ Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының шешімімен берілді.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Зарқын Тайшыбай – Арқадағы журналистика мектебінің қалыптасуына зор үлес қосқан қадірлі қаламгер. Шәкірттердің шоғырын тәрбиелеген ұлағатты ұстаз. Ол баспасөз саласында 60 жылдан астам уақыт еңбек еткен. «Қазақстан білім беру саласының Құрметті қызметкері», А.Байтұрсынов атындағы «Саңлақ автор» және, «Қазақ тілінің жанашыры» төсбелгісімен марапатталған. «Қазақстанның Құрметті журналисі», Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері.

Мәслихат төрағасының шешімінде «Ұрпақ тәрбиесіне сіңірген зор еңбегі, белсенді қоғамдық қызметі үшін еңбек ардагері Зарқын Сыздықұлы Тайшыбайға «Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы» атағы берілсін» делінген.

11 мың бала демалады

Балалардың жаз мезгіліндегі қауіпсіздігіне ата-ана ғана емес, жергілікті атқарушы органдар да алаң. Мемлекет басшысының тиісті тапсырмасынан кейін аталған мәселе жіті назарда. Маусымның басында аймақ көлеміндегі мектеп жанындағы және сауықтыру балалар лагерлері жұмысын бастады. Бұл кезеңде барлығы 508 балалар лагері, 37 аула клубы жұмыс істеп тұр. Одан бөлек, қала сыртындағы лагерлердің де жұмысы осы аптадан бастау алмақ.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Білім басқармасының мамандары 11 мыңға жуық бала қала сыртындағы лагерлерде демалады деп жоспарланғанын айтты.

– Қазір маусымның ашылуына дайындық жүргізілуде. Облыс көлемінде 12 қала сыртындағы лагерь бар. Соның ішінде, ерекше форматтағы Ақтоғай ауданында тау баурайында орналасқан «Жас турист» киіз үй лагері де бар. «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен 970 ауыл баласы «Жаздық жолдама – 2025» жобасы аясында



Алматы облысындағы сауықтыру орталықтарына барады. Қазіргі уақытта Қарағанды облысында 288 тамақтанумен қамтылған мектеп жанындағы лагерь жұмыс істеп тұр. Сонымен қатар,

311 бейінді алаңда балалар техникалық, спорттық және шығармашылық қабілеттерін дамытып жатыр. Мектеп жанындағы лагерлердің маусымы 10-12 күнге созылады, ал, қосымша білім

беру ұйымдарында – бір ай. Сонымен қатар, облыс орталығында 37 аула клубы жазғы жұмыс кестесіне көшті. Оларда жаз бойы турнирлер, фестивалдер мен демалыс күнгі клубтар жоспарланған, – деп мәлімдеді облыстық білім басқармасы бөлімінің басшысы Ақерке Дәулет.

Қарағандыдағы №2 Оқушылар сарайы оқушылардың сабақ уақытында ғана емес, демалыс кезінде де баратын орнына айналған. Оның директоры Шариза Алтынбекова мұндағы жазғы лагерьге тек оқу жылы кезінде келген балалар ғана емес, кез келген бала қабылданатынын айтты. Қазірдің өзінде 480-500 бала күнделікті сағат 09:00-ден 12:00-ге дейін келіп жүр.

Арнайы кабинеттерде түрлі құрал-жабдықтар жетерлік. Бір жерде өрт қауіпсіздігі ережелерін үйретсе, бір жерде балалар сурет салып жатыр, тағы бір кабинетте дойбы мен шахмат ойнап отыр. Билеп жатқан бір топ баланы да көзіміз шалды. Шахмат үйірмесіне қатысатын 70 шақты бала 19-24 маусым аралығында өтетін қалалық шахмат турниріне дайындық үстінде.

► 2-бет

Туризм төрде болсын десек...

Кейінгі жылдары облысымызға келетін туристердің қатары көбеюде. Осы орайда, Ақтоғай, Қарқаралы аудандары мен Балқаш, Қарқаралы қаласын туризмнің ошағына айналдыру үшін бірқатар жұмыс атқарылып жатыр. Енді демалушыларға қолайлы жағдай жасау қажет. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпавтың төрағалығымен өткен аппарат жиынында осы бағыттағы жұмыстар пысықталды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дерекке сүйенсек, туристер мен Балқаш қаласы тұрғындарын сапалы сумен қамтамасыз ету мақсатында Балқаш қаласының қалайшылық су құбыры желісін қайта жаңғырту жалғасуда. Екі жылда түрлі диаметрдегі 44 шақырым су құбыры желілері ауыстырылыпты. Нәтижесінде желілердегі апаттар саны азайған. Жуырда қаланың Барковский және Рембаза аудандарындағы курорттық аймақтарындағы құбыр ескіргендіктен жаңа магистральдық жүйеге қосылды. Қазір су қысымы тұрақталған. Бұл туристерге ыңғайлы болып отыр.

Жол инфрақұрылымы да жақсаруда. Былтыр жалпы ұзындығы 6,4 шақырымды құрайтын 5 көшеге орташа жөндеу жүргізілсе, биыл 17,8 шақырымдық 18 көшеге орташа жөндеу жоспарда.

Былтыр Бертис шығанағындағы курорттық аймақтарда, Торанғалық, Шұбартүбек елдімекендерінде 13 санитарлық-гигиеналық қондырғы орнатылған. Үш жылдан бері Жағалау аймағын қайта құру жұмыстары жүргізілуде. Бірінші кезең бойынша жұмыстар аяқталып, екінші кезеңін аяқтау 2025 жылдың қыркүйегіне жоспарланған.

Сонымен қатар, «Орталық

Транс Сервис» ЖШС тасымалдаушы өз қаражатына 21 жаңа «Yutong» автобусын сатып алды.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге Балқаш қаласы мен Торанғалық және Шұбартүбек ауылдарында 36 бейнебақылау жүйесі орнатылған. Су айдындарында 70-тен астам құтқарушы кезекшілікте.

Масаға қарсы жұмыс та жүйелі. Быыл зиянкестердің жиналу ошақтарына санитарлық өңдеудің екі кезеңі сәуір, мамыр айларында қолға алынса, қазір үшінші кезең жүріп жатыр. Алайда, санитарлық жағдайды бақылаудың қорытындысы бойынша қалалық қызметтер өңдеудің төртінші кезеңін өткізуге шешім қабылдады. Бұл жұмыс шілде айына жоспарланыпты.

– Балқаш қаласы аумағында масаның ересек түрлеріне қарсы өңдеу жұмысын химиялық әдіс (бүрку) арқылы қызылордалық мердігер ұйым «Профдезинфекция» жүргізуде. Қоғамдық демалыс орындарында (скверлер, аллеялар, саябақтар) 10 гектар, қаланың орталық және негізгі көшелерінде тағы 10 гектар аумақ залалсызданып, су айдындары, дренаждық арықтар мен нөсерлік көріздер, батпақты жерлер де өңделді. Дезинфекцияны жүйелі түрде жүргізу үшін мердігерлермен апта сайын



Қоғамдық жиналыс А. Қоспаев

өңдеу жүргізу жөнінде қосымша келісімшарт жасалды. Бұл жұмыс химиялық және биологиялық әдіспен жүзеге асып, шомылу маусымының соңына дейін жалғаспақ. Жалпы, Балқаш қаласында бүгінге дейін 31 гектар қоғамдық орындар химиялық әдіспен (бүрку әдісімен), 250 гектар су айдыны биологиялық әдіспен (бактерицидтік тәсілмен) өңделді, – деп атап өтті Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев.

Инвестиция тарту мәселесі де жүйелі. Дерек бойынша, қалада туризмді дамытуға арналған 106

гектар жер бар. Медициналық колледж аумағында 40 гектар аумаққа жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Жобада демалыс орындарын салуға 9 жер учаскесі және коммерциялық нысандар үшін 8 жер учаскесі қарастырылған. Бұл нысандар базасында қонақ үй, демалыс аймақтары, ойын-сауық саябақтары мен аттракциондар, жүгіру және велоспорт жолдары және «А» санатындағы жол сервисінің объектілерін орналастыру жоспарда.

Қазір шипажай, қонақ үй және «Апартамент» тұрғын үй кешенін,

одан бөлек, екі қонақ үй кешенін салуға төрт әлеуетті инвестор қызығушылық танытуда. Бұл нысандардың құрылысы биыл басталады деп күтілуде.

– «Алматы-Балқаш-Қарағанды-Астана» жаңа тасжолының іске қосылуы екі бағытта да көлік қозғалысының айтарлықтай артуына әкелді. Бұл туристер санын өсіріп, автотуризмге жаңа мүмкіндіктер ашады. 2024 жылы жол бойындағы сервисті дамыту шеңберінде «Алматы-Екатеринбург» тасжолында қоссалалы кешен, ба-

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Құжат айналымы жеделдейді

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі кейбір әлеуметтік төлемдерді тағайындау, тағайындаудан бас тарту, қайта есептеу, тоқтата тұру және тоқтату процестерін автоматтандыру бойынша пилоттық жобаны іске қоспақ. Бұл мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төлемнің төлемдерге қатысты.

Жобада мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерін қысқарту мақсатында МӘСҚ филиалдарының қызметкерлерін шешім қабылдаудан шеттетуге көзделген. Бұл алушылардың шотына ақшалай қаражатты аударуды жеделдетуге мүмкіндік береді, әлеуметтік төлемдерді уақытылы тоқтата тұруды және тоқтатуды қамтама-

сыз етеді.

Айта кетерлігі, пилоттық рәсімде тек «Электрондық үкімет» және «Электрондық еңбек біржасы» порталдары арқылы келіп түскен электронды өтініштер, екінші деңгейдегі банктердің және проактивті форматта әлеуметтік төлемдерді тағайындау қызметтері келісілген өтініштер

қаралады.

Бұл ретте өтініш берушілер белгілі бір критерийлерге сәйкес келуі тиіс. Атап айтқанда, тек бір төлеушіден әлеуметтік аударымдардың түсуі, оларды уақытылы төлеу, әлеуметтік аударымдар қызметкердің ай сайынғы табысына сәйкес келуі, сондай-ақ, қажетті мәліметтерді алу үшін

цифрландырылған құжаттардың толық пакетінің болуы және басқалары.

Жоба қазір «Ашық НҚА» порталында талқылануға ұсынылды. Ол енгізілсе, бизнес-процестерді оңтайландыру мен автоматтандырудың тиімділігін анықтауға көмектеседі.

Айзада АСХАТҚЫЗЫ,
Қарағанды зерттеу университетінің
II курс студенті

• IQANAT

1 мың оқушы жолдама алды

Қазақстан бойынша IQanat республикалық олимпиадасына 8-сыныптан 50 мыңнан астам оқушы қатысты. Қорытынды кезеңге Қарағанды облысының ең үздік 1 000 оқушысы жолдама алды. Білім мен армандар тоғысқан бұл шешуші финал 13-20 маусым аралығында Алматы қаласында өтіп жатыр.

Қарағанды өңірінен финалға жолдама алған дарынды жастар – облыстың ауыл-аймақтарындағы қарапайым мектеп оқушылары, бірақ, үлкен армандар жетегіндегі жасөспірімдер. Олар IQanat олимпиадасының алғашқы іріктеу кезеңдерінде үздік нәтиже көрсетіп, мыңдаған қатысушылардан алға шықты.

IQanat финалы – жай ғана білім сайысы емес, ауыл баласына жарқын болашаққа жол ашатын мүмкіндік. Олимпиаданың басты жұлдесі – еліміздегі үздік жекеменшік оқу орындарының бірі IQanat High School of Burabay мектебінде тегін білім алу гранттары. Сонымен қатар, финалға өткен оқушылардың бір бөлігі үш жылдық тегін қолдау бағдарламасына қатысады. Бұл жоба аясында оқушылар ҰБТ-ға дайындық, ағылшын тілі ІТ саласы, кәсіпкерлік және көшбасшылық дағдыларын меңгереді.

– IQanat – қазақстандық кәсіпкерлердің қолдауымен жүзеге асқан, еліміздің барлық өңіріндегі ауыл мектептері оқушыларына арналған әлеуметтік білім беру жобасы. Жыл сайын 60 мыңға жуық 8-сынып оқушысын қамтитын олимпиада екі кезеңнен тұрады. Финалға үздік шыққан 1 000 бала өтеді. Финалистердің бір бөлігі Бұрабайдағы IQanat мектеп-интернатына қабылдана, қалғандары үш жылдық тегін сүйемелдеу бағдарламасына қатысады. Олардың 90%-ы Қазақстан мен шет елдердің үздік университеттеріне грантпен түсіп жатыр. Алматыдағы «Медер» мұз айдынында өтетін IQanat олимпиадасының финалына Қарағанды облысының ауыл мектептерінен 30 оқушы қатысуда, – дейді облыстық білім басқармасының «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру Аймақтық ғылыми практикалық орталығының орынбасары Әсем Кенжебаева.

Жалпы, IQanat жобасы аясында оқушылар шетелдік және қазақстандық жоғары оқу орындарына түсуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, ағылшын тілі мен ІТ бағытында түрлі курстардан өтіп, өз қабілетін дамыта алады. Ең бастысы – бұл жама жастардың болашақ мамандығын саналы түрде тандауға көмектеседі.

– Мен Шет ауданындағы



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

зар кешені, дәмхана, супермаркет, жанар-жағармай құю бекеті, автосервис, техникалық қызмет көрсету станциясы, көлік жуу орнының құрылысына 6 жер телімі берілді. Бүгінде инвесторлар нысандар құрылысының жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеуде. Кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары мен қолайлы климаттың нәтижесінде қалада жаңа туризм нысандары ашылуда. Былтыр 3 нысан пайдалануға берілді. Оларда – 88 бөлме, 156 төсек болса, 16 жұмыс орны құрылды. Жыл басынан бері 2 демалыс орны мен бір қонақ үй пайдалануға беру актісін алды. Тағы 20 жұмыс орны ашылмақ. Жылдың соңына дейін тағы 3 нысанды (демалыс аймағы) пайдалануға беру жоспарлануда. Туристік маусымның ашылуы аясында дәстүрлі «Балқаш турфест – 2025» облыстық фестивалінің өткізу уақытын мамырдың соңы мен маусымның басында өткізу туралы ұсыныстар бар. Фестиваль Балқаш қаласының туристік орталық ретіндегі брендін қалыптастыру және насихаттауды көздейді, – деді Сапар Сатаев.

Жиын соңында аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпав жауапты басқарма басшылары мен аудан, қала әкімдеріне жазғы маусымда демалушыларға қолайлы жағдай және олардың қауіпсіздік мәселесін басты назарда ұстау қажеттігін мұқият тапсырды.

11 мың бала демалады

(Соңы. Басы 1-бетте).

– Бізде кең көлемді жазғы бағдарлама әзірленген. Шығармашылықтан бастап, интеллектуалдық бағытқа дейін қамтылған. Балалар үшін демалыс пайдалы әрі қызықты болсын дейміз. Балалар қуана келеді, ата-аналармен үнемі байланыстамыз – олар жаңа идеялар ұсынып, біз ескеріп отырамыз. Жазда шамамен 500 бала қабылдауды жоспарладық, қазір 480 бала келіп жүр. Келушілерді жазсына қарай 3 топқа: 5-6 жастағы, 7-9 жастағы және 10-12 жастағы деп түстерге бөлеміз. Танымын дамытатын қызықты ойлар, тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы, қазақ хандығы, монополия, үстел үсті ойындары балалардың қызығушылығын тудырады. Оқу жылы кезінде мұнда 80 үйірме жұмыс істесе, қазіргі уақытта 27 үйірме істеп тұр, – дейді Шариза Далабайқызы.

Оның айтуынша, Оқушылар сарайының жазғы демалыс лагері тамыздың ортасына дейін жұмыс істейді. Келем деген баланы ата-анасының өтінішімен ештеңеге қарамастан қабылдайтынын, барлығына жағдай жасауға әзір екенін жеткізді. Сарайдағы барлық үйірме балалар үшін тегін.

Жылдың жалпы білім беретін мектеп жанындағы лагерь алғаш рет жұмыс істеп жатыр. Мектептің өзі өткен жылы Білім күнінде ашылған болатын. Мектеп психологы әрі «Балдармен» лагерінің меңгерушісі Айзада Тахаеваның айтуынша, лагерьге тек осы мектеп оқушылары – 186 бала қатысуда. Алғашқы жазғы демалыс кезінде мектеп басшылығы лагерьді бастаушы сынып оқушыларына ғана ұйымдастыруды ұйғарыпты. Алдағы жылдары орта буынды да қамтуды жоспарлануда.

– Балалар қуана келіп жүр. Бұл – ең маңыздысы. Біз олардың қызығушылығын ескеріп, жауапкерші, көңілді оқу қалыптастыруға тырыстық. Лагерьде шығармашылық, спорттық, зияткерлік және сауықтыру бағыттары бар. Бағдарламаны бүкіл ұжыммен құрдық, ата-аналардың ұсыныстарын да ескердік. Балалар лагерьде таңғы 9-дан 12-ге дейін болады, бассейнге апарамыз, спорттық ойындар өткіземіз, хайуанаттар бағына және басқа да мекемелерге экскурсиялар жасаймыз. Біздің ниет – балаларымыздың жаңа әсер алып, есте қаларлық жақсы демалысын ұйымдастыру, – деді Айзада Тахаева.

Балалардың біршама саны мектеп ауласында спорттық шараларға қатысып жатса, бірнеше топқа бөлінген тағы біразы мектеп ішінде сурет салып, көлөнермен айналысады екен. Олар мектеп жанындағы лагерьде ай соңына дейін жүре алады. Себебі, лагерь жұмысы бір айға жоспарланған.

Аула клубтары жыл он екі ай жұмыс істегенімен, нағыз қызытын уақыты – жазғы демалыстар кезі.

Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі басшысының міндетін атқарушы Берік Досымбеков аула клубтарының жұмысы туралы кеңірек айтып берді. Аула клубтары, әдетте, балалардың тұрғылықты мекенжайына жақын орналасады және кез келген бала оларға тегін қатыса алады. Жазғы кезеңде спорттық және шығармашылық үйірмелерде арнайы бағдарлама әзірленген.

– Балалар үшін түрлі тақырыптағы кездесулер, баппарулық фестивалдері және 800-ден астам ішкіклубтық шаралар

жоспарланған. Жазғы демалыс кемінде 12 мың бала мен жасөспірімді қамтуға тырысамыз. Сұрыптау станциясындағы «Локомотив» стадионында үлкен жұмыс атқарылды. Онда жазғы лагерь жөнделіп, шілде-тамыз айларында әлеуметтік осал топтардан шыққан 160 бала қабылданабақ. Тұру – тегін, күніне бес мезгіл тамақ беріледі, экскурсиялар, бассейнге бару және басқа да қызықты іс-шаралар жоспарланған. Жаңашылдық ретінде лагерьде ұялы телефонға шектеу енгізілді. Бұл балалардың гаджетке тәуелділігін азайту үшін ұсыныс ретінде қарастырылды. Қарапайым телефон ұстап баруына рұқсат, – деді Берік Досымбеков.

Баласын аула клубына бергісі келетін ата-аналар оларды тұрғылықты мекенжайы бойынша таба алады. Толық ақпарат Қарағандыдағы «Шахтер» стадионының жанында орналасқан Аула клубтарына қатысу – тегін. Клуб қатысушылары Майкүдықтағы Г.Головкин атындағы ФОК бассейніне және «Локомотив» спорт кешеніне де тегін бара алады. Аула клубтары жазда сағат 12:00-ден 19:00-ге дейін жұмыс істейді.

Қалалық «Мир» және «Астана» аула клубтарында қызу тіршілік. Екеуі «Таир» сауда үйінің қатарында бір аулада орналасқан. Айта кетерлігі, «Мир» клубтарында клубы болса, «Астана» шығармашылық бағытты ұстанады. «Мирде» жасы төмен балалар басым. Олар үстел теннисі, шахмат, дойбы, үстел ойындарын ойнап, сурет салады. Ал «Астана» клубының қатысушылары – жасөспірімдер. Мұнда балалар спектакльдер қоятын шағын театр залы бар.

Суреттер автордан

• БӘРЕКЕЛДІ!

«Ең үздік актер» атанды

Қырғызстан астанасы Бішкек қаласында өткен III Халықаралық кинофестивалі өз мәресіне жетті. Нәтижесінде, белгілі қазақстандық режиссер Елзат Ескендірдің «Әбіл» көркем фильміндегі Әбіл рөлін сомдаған Ерлан Төлеутай «Ең үздік ер адам бейнесі» аталымында Бас жүлдені жеңіп алып, «Ақ Ілбіріс» мүсімімен марапатталды.



Қарапайым қазақтың жан дүниесін терең көрсете білген актердің шеберлігі шетелдік көрермен мен кәсіби қазылар алқасын тәнті еткен. Фестивальдың қазылар алқасы да осал емес. Саланың кәсіби сарапшылары – Франция, Италия, Германия, Нидерланды мен Бангладештен келген білікті мамандар.

Қазылар алқасына ARTE France Cinema компаниясының директоры, беделді кинотанушы Оливье Пере жетекшілік еткен. Сонымен қатар, әлемге танымал италиялық кинопродюсер Паола Марина Спина, Дака кинофестивалінің директоры Ахмед Мұстаба Замал, Германиядағы Cottbus кинофестивалінің жетекшісі Бернд Будер және Роттердам кинофестивалінің кураторы Евгений Гусятинский де қазылар құрамында болған. Марапаттау сәтінде жерлесімізге марапатты италиялық продюсер Паола Марина Спианың өзі табыстаған.

Айта кетейік, 2019 жылы Анапа қаласында өткен XXVIII халықаралық «Киношок» кинофестивалінде КСРО халық әртісі Асанәлі Әшімов «Ең үздік ер адам рөлі» аталымында топ жарған еді. Содан бергі аралықта қазақ киносының қоржынына түскен кезекті ірі халықаралық жүлде – Ерлан Төлеутайдың осы жүлдесі екен.

Өз тілшімізден

Сурет Е.Төлеутайдың жеке мұрағатынан

• АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 180 ЖЫЛ

«Абай велошеруі» мәреге жетті

Қарағандыда халықаралық әкелер күнімен сабақтастырып, Абай атындағы мектеп-гимназиясының ұйымдастыруымен, Қарағанды облысының білім басқармасының қолдауымен Абай есімін асқақтатқан «Абай велошеруі» өтті.

Велошерудің ашылу салтанаты Абай атындағы мектеп-гимназиясынан бастау алды. Онда Абайдың «Толық адам» ілімінің мәні мен бүгінгі қоғамдағы маңызы жайында сөз қозғалып, орамды ойлар айтылды. Әл-Фараби Ілияш, Айбота Сия есімді қос оқушы ақынның өлеңдерін оқып, қатысушыларға жігер сыйлады. Білім бөлімінің басшысы Есентай Әшім велошерудің ашылуымен құттықтады.

– Ұлы Абайдың 180 жылдық мерейтойында ұйымдастырылып жатқан бұл маңызды игі іс қаламыздағы Абай есімін иеленген мектептен бастау алып жатқаны көңіл қуантады. Бұл да бір тарихи сәт! Біздің қазақ үшін, ел болашағы үшін Абайдың қылған қызметі, айтқан терең ойлары әрқашан да маңызды. Абай – біздің темірқазығымыз, жолбағдарымыз. Хакім Абайдың ізімен жүріп «Толық адам» қалыптастыруда мектеп ұжымы мен ата-аналар қауымының атқарып жатқан еңбегін айтпай кете алмаймыз, – деді Есентай Әшім.

Әр қалада арнайы веложолдақтар салынып, саламатты өмір салтын ұстанған белсенді жандар үшін спортпен шынығуға қолайлы мүмкіндік туып отыр. Веломарафоннан Қазақстанның үш дүркін жеңімпазы, «Толық адам және 4 даму», «Абай арқылы ағылшынша үйрен» жобаларының авторы Ернат Рахметолла велоспорттың адамға тигізер пайдасы жайлы мазмұнды ой қозғады.

– Велобекеттері бар, инфрақұрылымы дамыған Алматы мен Астана секілді ірі екі қаланы толықтай велоқала деп атауға болады. Сол себепті де, біздің басты мақсатымыз – қазыналы Қарағанды қаласын сол деңгейге жеткізіп, жана мүмкіндіктерге не болу. Осы уақытқа дейін азды-көпті велошеру ұйымдастырдық. Әйткенмен, биылғы жыл біз үшін ерекше болмақшы. Абай атымызға арналған велошеру тұңғыш рет Қарағандыдан бастау алды. Алдағы айда осы жобаны бұдан да ауқымды түрде, шығыс елінде, ақынның туған жерінде дүбірлетіп өткізуді көздеп отырмыз, – деп сөзін тәмамдады велошабандоз Ернат Мелсулы.

Мектеп ауласынан бастау алған велошеру одан әрмен «Өлді деуге бола ма айтындаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған?!» атты мазмұнмен қаламыздағы Абай ескерткішіне жалғасын тап-



ты. Абай атамyzдың шығармашылығы жөнінде тереңнен сөз қозғаған абайтанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы Жандос Смағұлов өзінің парқыты пайымын білдірді.

Велошеруге қатысушылардың келесі межесі – Орталық саябақ болды. Олар бастапқы орынан мәре сызығына дейін саябақ аумағындағы 3 негізгі аялдама маршрут басып өтті. Алғашқы «Ақиқат сөзі» аялдмасында велошабандоздар Абайдың өлеңдерін оқыды. Келесі «Хакім жүрегі» бекетінде ақынның әндері шырқалса, соңғы «Қара сөз кеңес» аялдмасында Абай атамyzдың қарасөздері талқыланып, қатысушылар өзара пікір алмасты.

Спорттық іс-шараның ақтық мәресіне жеткен барлық қатысушыға арнайы медаль табысталып, Алғыс хатпен марапатталды. Қарағанды қаласының ішкі саясат бөлімі велошеруді ұйымдастыруға

үлесін қосқан азаматтарға қала әкімінің Алғыс хатын тапсырды. Осы іс-шараның өтуіне мұрындық болған Абай атындағы мектеп-гимназиясының директоры Жадыра Сабырқызы барлық велошабандоздар мен қатысушыларға ерекше алғысын білдірді.

Абай – белгілі бір шекарамен шектеліп қана қоймайтын кең кеңістіктегі ғаламдық тұлға. Оны тек тарихи, мәдени жағынан ғана дәріптеп қана қоймай, сонымен қатар, жан-жақты қырын ашып, әр салада насихаттағанымыз құптарлық іс. «Абай велошеруі» – соның айшықты айғағы, бұлтартпас дәлелі.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
Қарағанды зерттеу университетінің
II курс студенті

Сурет
ұйымдастырушылардан

• ФУТБОЛ

Көш басында келеді

Бірінші лига ойындарының IX турында қарағандылық «Шахтер» өз алаңында алматылық «АКАС» құрамасын қабылдап, 4:2 есебімен жеңіске жетті. Осылайша жерлестер 3 ұпай еншілеп, турнирлік кестеде II орынға көтерілді.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Kazakhstan»

Өткен жолы жерлестер өскемендік «Алтаймен» ойнағанда қарсыластарына есе жіберген еді. Осылайша турнирлік кестеде бір саты төмендеп, ұпай жоғалтқан. Ал, бұл жолы оларға жеңілуге болмайды. Басты мақсат – Премьер-Лига жолдамасы. Ал, жоллама тек үздік екі клубқа ғана беріледі.

Алаң иелері ойын басталысымен қарсыластарын қыспаққа алды. Осы бір ұрымтал сәтті мұлт жібермей шабуылшы Сұлтан Шымырхан қақпаға соққы бағыттаған. Бірақ, қақпашы Олег Грубов соққыны қайтарғанымен, кері қайтқан доп Айдос Таттыбаевқа түседі. Тәжірибелі шабуылшы мұндай сәтті мұлт жіберсін бе?! Небәрі ойынның 4-ші минутында гол салып, командасын есепте алға шығарды.

Таблодағы есеп өзгергеннен кейін қарсыластардың ойыны ширай түсті. 10-шы минутта қарсылас команданың жартылай қорғаушысы Айбар Айдарбекұлы шабуыл ұйымдастырып, айып алаңына еніп еді. Қақпашы Игорь Шацкий допқа ұмтыла беріп, Айбарға қарсы ойын ережесін бұзады. Ал, бұл – 11 метрлік айып соққысы. Айып добын орындаған Шерзат Примбердиев қателікке бой алдырмай, таразы басын теңестірді.

Араға үш минут салып, қарсыластар сапынан шабуылшы Аруп Саутов шабуыл барысында қақпашыдан аяласын асырып, екінші голды салды. Десе де, қос команда бұнымен тоқтап қалмады. Шабуылды кезек ұйымдастырып, қауіпті соққы да жасады. Дәл осындай шабуыл барысында қарсылас команда қорғаушысы Диас Исаков айып алаңында алаң иелеріне қарсы ойын ережесін өрескел бұзып, ойыннан қуылды. Ал, жерлестер үшін бұл пенальти – таразы басын теңестіретін зор мүмкіндік еді.

11 метрлік айып добын орындаған Ай-дос Таттыбаев мүмкіндікті мұлт жібермей, қос голдың авторы атанады. Осылайша, алғашқы айналымда қос команда 2:2 есебімен тарқасты.

Екінші айналымда жерлестер шабуылға ден қойды. Жүйелі ойынның нәтижесінде алаң қожайындары сапынан 50-ші минутта – Олжас Керимжанов, 76-шы минутта Арман Нүсіп қарсылас қақпасынан саңылау тауып, есепті 4:2-ге жеткізді.

Турнирлік кестеде ақтаулық «Каспий» 24 ұпаймен көш басында. Ал, «Шахтер» мен «Алтай» клубында 20 ұпайдан. Бірақ, жерлестер гол айырмашылығымен II орынға көтерілсе, сөйкесінше, өскемендіктер үшінші сатыға сырғыды.

Енді қарағандылық клуб 20 маусымда сырт алаңда түркістандық «Жетісай» клубымен кездеседі.

• БОКС

Серіктер салған ізбенен...

Қарағанды зерттеу университетінде бокстан КСРО Кубогының иегері, Азия чемпионы, Атланта Олимпиадасының қатысушысы, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Бектас Әбубәкіров пен бокстан жастар арасында Қазақстан чемпионы, КСРО спорт шебері Елеусіз Қыдыралинді еске алуға арналған жасөспірімдер және кіші жасөспірімдер арасында II Қарағанды облысының ашық біріншілігі өтті. Аталған турнирге 13 өңірден 185 спортшы қатысып, 17 салмақ дәрежесі бойынша кіл мықтыны анықтады. Жарыстың ашылу салтанатына Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, Афинада өткен XXVIII жазғы Олимпиада ойындарының жүлдегері, Қарағанды облыстық бокс мектебінің басшысы Серік Елеуов қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі.

Бокстан КСРО спорт шебері Елеусіз Қыдыралин – Қарқаралы ауданы Бейбітшілік ауылының тумасы. Спортқа сегізінші сыныпта келіп, ерекше қабілеттерін көрсете бастады. 1990 жылы жасөспірімдер арасында өткен облыстық спартакиадасының жеңімпазы, Қарағанды қаласында өткен ересектер арасында Қазақстан біріншілігінің жүлдегері атанып, 63,5 кг салмақ дәрежесінде Ұлттық құрама командасының мүшелігіне өтеді.

Халықаралық дәрежедегі

спорт шебері Бектас Әбубәкіров – Қарқаралы ауданы Томар ауылында дүниеге келген. Алғашқы жаттығуларын 10 жасында Томар ауылындағы бокс үйірмесінен бастаған. Ол 20 жасында ТМД біріншілігінің күміс жүлдегері атанады. Оған қоса, бокстан КСРО кубогының иегері, Ташкентте өткен Азия чемпионатының жеңімпазы және 1996 жылғы Атланта Олимпиадасының қатысушысы.

– Қос спорт саңлағын еске алу мақсатында өңірде жасөспірімдер мен кіші жасөспірімдер арасын-



да былтыр бокстан Қарағанды облысының ашық біріншілігі ұйымдастырылған болатын. Бүгінде

игі бастама жалғасын тауып, кіл мықтылардың басын қайта қосты. Турнирдің мақсаты – жас спорт-

шыларды спортқа баулу. Әрі саламатты өмір салтына тәрбиелеп, жас-жеткіншектердің спорттық дәрежесін шыңдау. Өмірден өтіп кеткен ағаларын есте сақтап, еңбегі мен ерлігін жас спортшылардың бойына сіңіру. Келесі жылы демеушілердің қолдауымен республикалық деңгейде өткізсек пе деп отырмыз. Алдағы 4-5 жылда халықаралық деңгейде өткізуіміз өбден мүмкін. Осы турнирдің өтуіне басқарма басшысы мен облыстық бокс федерациясына алғыс білдіреміз. Одан бөлек, оқу орнында дайындалатын балалардың ата-аналары да қолқабыс етті. Осы спортшылардың арасынан Әлем, Олимпиада чемпиондары шығады деп үміттенеміз. Бұл жол – оңай жол емес. Спорт болған соң еңбек пен шыдамдылықты қажет етеді, – делі бас төреші, АІВА халықаралық санатындағы үш жүлдезды төреші Қуаныш Қауашов.

Биылғы жарыс былтырғыдан өзгереді. Қатысушылардың да қарасы қалың. Әрі сыйақы мөлшері де артқан. Турнир жеңімпаздары

ры мен жүлдегерлеріне ақшалай сыйлық беріледі. Бұдан бөлек, спорттық киімдер мен спорттық жабдықтары сыйға табысталады. Айта кетейік, Бектас Әбубәкіров, Елеусіз Қыдыралиннің отбасы арнайы ақшалай жүлде бәске қойды.

Жарыс қорытындысы бойынша, Томар ауылының атынан шыққан 54 келі салмақта Бекнұр Абдыхан қарсылас шақ келтірмеді. Ал, 63,5 келі дәрежесіндегі Елеусіз Қыдыралиннің жүлдесі жарыс ережесі бойынша болмағандықтан, 60 келідегі боксшыға берілді. Бұл салмақта жүдйрықтасқан Кеңейіл Айтбек үздік шықты. 37 келіде бақ сынаған Әли Нағашыбекке «Үздік техникасы үшін», 49 келідегі Дамир Атамбаевқа «Жеңіске деген жігері үшін» арнайы сыйлық табысталды.

Гүлім НЕСІПБЕКОВА,
Қарағанды зерттеу
университетінің II курс студенті

Сурет
ұйымдастырушылардан

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет			
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Галия Боранқұлы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы І.Д. МҰҚАЙ Жауапты хатшы С.Б. ІЛИЯШ Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19			
Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru			
«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 4 729 №64 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жансая ОМАРБЕК			